

**"Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 17 қыркүйек N 1404.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.28. N 290 қаулысымен. ~P010290

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

мына құрамда "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының директорлары кеңесін бекітсін:

Смағұлов Қайрат Молдрахманұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының бірінші орынбасары, төрағасы;

Бозымбаев Қанат Алдабергелұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі;

Мырзахметов Асқар Исабекұлы - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі;

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі;

Смағұлов Нұрлан Еркебұланұлы - "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы.

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.18. N 1083 қаулысымен. P001083\_

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті өзінің бұрын қабылданған "Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының мәселелері жөніндегі барлық актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. "Кейбір акционерлік қоғамдардың жекелеген мәселелері" туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жыл 26 наурыздағы N 308

P990308\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 10, 92-құжат 1-тармағының 3) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК